



Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Заем туралы (қарапайым операциялар) (Зейнетақы Реформасының Бағдарламасы) келісімді бекіті туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 6 наурыз N 212

1998 жылғы 3 ақпанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия
Даму Банкі арасындағы Заем туралы (қарапайым операциялар) (Зейнетақы
Реформасының Бағдарламасы) келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Келісім көшірмесі
Заем N 1589 KAZ

Қазақстан Республикасы мен
Азия Даму Банкі
арасындағы
Заем туралы Келісім
(қарапайым операциялар)
(Зейнетақы Реформасының Бағдарламасы)

күні _____

LAO:KAZ

Заем туралы Келісім
(қарапайым операциялар)

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - Заем алушы) мен Азия Даму
Банкі (бұдан әрі - Банк) арасындағы Заем туралы _____ Келісім

(А) Банк Заем алушыдан Заем берушінің елінде (бұдан әрі - "Бағдарлама") Зейнетақы реформасына арналған Заем туралы осы Келісімге 1-қосымшада жазылған басты мақсаттар, шаралар және іс-әрекеттер баяндалған даму стратегиясы туралы хатты (бұдан әрі-стратегиялық хат) алды;

(В) Заем алушыдан Бағдарлама мақсаттары үшін Банктің қарапайым күрделі ресурстарынан заем беру туралы етініш жасаған фактілерін

НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

(С) Банк басқа негізде Заем алушыдан оның қарапайым күрделі ресурстарынан бұдан әрі белгіленген шарт негізінде заем беруге келісті.

Осылайша тараптар осымен мынадай келісімге келісті:

1-бап

Заем ережесі: Айқындама

1.01-бөлім. Банктің заемдар бойынша қарапайым операциялар туралы 1986 жылғы 1 -шілдедегі Ережесіне енгізілген ережелердің бәрі, егер олар келер жылы өзгертууге жататын осы құжатта толығынан баяндалған болса, осы арқылы Заем туралы осы Келісімге сол шамасында қолданылады (жоғарыда аталған осылайша өзгертилген заемдар бойынша қарапайым операциялар туралы ережелер бұдан әрі - заем Шарты деп аталады):

а) 2.01(9)-бөлім алынып тасталады және былайша өзгертиледі:

"Бағдарлама" термині Банк Заем туралы Келісімде баяндалған шарт негізінде заем беруге келіскең бағдарламаны білдіреді, онда шарттар Банк пен Заем алушы арасындағы келісім бойынша кейде өзгеріп отырады";

(б) Бағдарлама термині Заем туралы осы Шартта қайда кездессе де "Жоба" терминіне ауыстырылатын болады;

(с) 2.01-бөлім алынып тасталады және былайша өзгертиледі:

"10. Бағдарлама бойынша Атқарушы Агенттік термині бағдарламаның заем туралы

Келісімде баяндалғандарға сәйкес орындалуына жауапты ұйымды немесе ұйымдарды білдіреді;

(d) "Бағдарлама бойынша Атқарушы Агенттік термині Заем туралы осы Шартта қайда кездессе де "Жоба бойынша Атқарушы Агенттік" терминіне өзгертуі тиіс;

(e) 2.01 (17)-бөлім алынып тасталады және былайша өзгертиледі: "доллар" немесе "долларлар" термині, сондай-ақ доллардың "\$" белгісі Америка Құрама Штаттарының валюта түріндегі долларын немесе долларларын білдіреді;

(f) 2.01 (26) және (27) бөлімдері алынып тасталады, ал жаңа 2.01 (26)-бөлім мыналарды қамтиды: "Долларлық пұл" деген Банктің өзінің қарапайым күрделі ресурстарын беретін доллар түріндегі заемдар бойынша төлемдерді қаржыландыру мақсатында Банк кепілдік берген шеттен алған доллар түріндегі төленбекен қарызға алынған пұлын білдіреді;

(g) 3.02-бөлімнің бірінші параграфының соңғы сөйлемі алынып тасталады;

(h) 3.01(b) (ii)-бөлімі алынып тасталады және былайша өзгертиледі: "(ii) заемға байланысты "білікті несиeler" Банктің 1992 жылдың 30-маусымынан кейін бірте-бірте пайдаланылатын долларлық пұлдағы төленбекен несиесін білдіреді;

(i) 3.06(a)-бөлімнің бірінші параграфының соңғы сөйлемі алынып тасталады және 3.06(b)-бөліміндегі "Банкке қолайлы күн" деген сөз алынып тасталады;

(j) 4.02-бөлім алынып тасталады және былайша өзгертиледі: "Ақша қаражаттары қарыз шотынан доллар түрінде алынуға тиіс".

(к) 4.03 (a)-бөлімі алынып тасталады және былайша өзгертиледі: "Заемның негізгі сомасы доллармен өтелуге тиіс";

(l) 4.04-бөлім алынып тасталады және былайша өзгертиледі: "Заемның кез-келген бөлігі бойынша процент доллармен өтелуге тиіс";

(m) "5.02-бөлімге сәйкес және кез-келген арнаулы міндеттеме бойынша төлем" 4.05-бөлімнен алынып тасталады;

(n) 4.09-бөлім алынып тасталады және жаңа 4.09-бөлім мыналарды қамтиды:

Өзгені көздейтін осы Шарттың кез-келген ережелеріне қарамастан Заем жағдайында қарыз шотынан алу - егер банк осындай алу мақсатында долларларды аудару мүмкін емес деп шешкен сондай ерекше жағдайларды қоспағанда - Банктің қалауы бойынша валютамен немесе валюталармен жүргізілуі тиіс. Мұндай валютада немесе валюталарда төленетін заемның негізгі сомасына қолданылатын проценттік ставка мұндай валютаны алу немесе спредке қосқандағы валюта бойынша банктердің шығыстарына негізделген болуы керек, сонымен қатар және мезгіл-мезгіл банк айқындаپ отырады.

1.02-бөлім. Егер контекст өзгедей талап етпесе Шарттың барлық мәтіні бойынша айқындаға осы Шартта берілген, оларда көрсетілген шектеу мағыналары, ал төменде көрсетілген қосымша терминдер мыналарды білдіреді:

(a) "СҚҚ" Заем алушының Сырттан қарыз алуы жөніндегі комитетін немесе оның

кез-келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(b) "Қазақстан тарапының қаражаты" Заем алушыға түсетең және осы Бағдарлама бойынша ұсынылған Заем қаражатынан құралатын теңге түріндегі түсімді білдіреді;

(c) "Рұқсат етілген тауарлар" бағдарлама шенберінде импортталатын тауарларды (Заем туралы осы Келісімнің З-қосымшасына 1 толықтыруға сәйкес айрықша ерекшеленгендерінен басқа) білдіреді, оның шетелдік валюта түріндегі шығындары заем қаражатынан қаржыландырылуға жатады;

(d) "Бірінші транш" елу миллион (50,000,000) аспайтын сомадағы заем қаражатының бірінші кезекте игерілетін бөлігін білдіреді;

(e) "БАЖ" басқарудың ақпараттық жүйесін білдіреді;

(f) "ЗЕХӘҚМ" Заем алушының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін немесе оның кез-келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(g) "ҚМ" Заем алушының Қаржы министрлігін немесе оның құқықтық мұрагерін білдіреді;

(h) "ҚҰБ" Қазақстанның Ұлттық Банкін немесе оның кез-келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(i) "ҰЗК" Ұлттық Зейнетакы Қорын немесе оның кез-келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(j) "ҰҚҚ" Ұлттық Қауіпсіздік комитеті немесе оның кез-келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(k) "Бағдарлама бойынша Атқарушы Орган" осындай Бағдарламаны орындау бойынша міндеттемелер жүктелген осы Келісімнің мағыналық контекстінің - Қаржы министрлігінің мақсаты үшін білдіреді;

(l) "Екінші транш" осы Келісімнің З-қосымшасының 5-параграфы Ережелерінің шарттарын орындағанда және орындау кезінде алуға жататын Бірінші траншты игергеннен кейін Заем шотындағы қалдықты білдіреді;

(m) "СХСЖ" Стандартты Халықаралық Сауда Жүктелімін, БҮҮ-ның статистикалық жинағында жарияланған З жорамалын білдіреді, Министрлік сериясы, N 34/Вер.3 (1986);

(n) Заем алушының Зейнетакы төлеу жөніндегі Мемлекеттік Орталығын немесе оның кез-келген мұрагерін білдіреді;

(o) "Тенге" Заем алушының валютасы болып табылады.

II-бап

Заем

2.01-бөлім. Банк Заем алушыға оның қарапайым күрделі ресурстарынан 100 млн. доллар (100,000,000 млн. доллар) мөлшер сомасында қаржы бөлуге келісім береді.

2.02-бөлім. Заем алушы Банкке осы Келісімнің 3.02-бөліміне сәйкес тағайындалған

көлемде процент төлеуге тиіс.

2.03-бөлім. (а) Заем алушы ставка жөніндегі комиссияға проценттің төрттен бір бөлігін (жылдық 0,75 процент) төлеуге тиіс. Мұндай комиссия осындай түрде Заem туралы осы Келісім құнінен кейін 60 күн толған бірінен соң бірінен кейінгі Заem сомасына (мезгіл-мезгіл алынған сомалардың қалдықтары):

алғашқы он екі айлық мерзім ішінде - 15,000,000 долларға, екінші он екі айлық мерзім ішінде - 45,000,000 долларға, үшінші он екі айлық мерзім ішінде - 85,000,000 долларға және одан әрі заемның бүкіл сомасына есептеледі.

(б) Егер заемның сомасы заемның құрамынан жойылған болса, онда осындай жойылудың алдында заемның осы Бөлімнің (а) параграфында белгіленген бөлігінің сомасы заемның жойылған бүкіл сомасына қатысты тепе-тең қысқартылуға тиіс.

2.04-бөлім. Заемдар бойынша проценттер және басқа төлемдер жарты жылда бір рет, әр жылдың 15 маусымынан 15 желтоқсанына дейін төленіп отыруға тиіс.

2.05-бөлім. Заем алушы Заem туралы осы Келісімнің 2-қосымшасында келтірілген етеу кестесіне сәйкес заемның шотынан алынған заемның негізгі сомасын қайтарады.

III-Бап

Заемның қаражатын пайдалану

3.01-бөлім. Заем алушы Заem туралы осы Келісімнің ережелеріне сәйкес бағдарлама бойынша шығындарды қаржыландыруды пайдалануды қамтамасыз етеді.

3.02-бөлім. Заем қаражаты Заem туралы осы Келісімнің 3- қосымшасының ережелеріне сәйкес осы бағдарламамен рұқсат етілген тауарлар бойынша жасалған шетелдік валюта түріндегі шығындарды қаржыландыру мақсаты үшін ғана, мұндай Қосымшага мезгіл-мезгіл Заem алушы мен Банк арасындағы келісімге сәйкес өзгертулер енгізілуі мүмкін екендігі ескере отырылып қарыз шотынан алынуы мүмкін.

3.03-бөлім. Заем алушы мен Банк арасындағы арнаулы уағдаластық өзгедей жағдайларды көздемеген жағдайлардан басқа жағдайларда заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық рұқсат етілген тауарлар Банктің мүше-елдерінде және Заem туралы осы Келісімнің 4-қосымшасының ережелеріне сәйкес алынуы тиіс. Банк Заem алушы мен Банк арасындағы келісім рәсімдеріне сәйкес тауарлар сатып алынбаған шарттарды немесе шарттың ережелері мен тәртіптері Банк үшін қолайсыз болған жағдайларда қаржыландырылуы мүмкін.

3.04-бөлім. Банк өзгедей жағдайларға келіскең жағдайлардан басқа жағдайларда күшіне енгенге дейін жуз сексен күннен (180) астам кезеңде пайда болған міндетті баптар бойынша шығындарға қатысты қарыз шотынан алуға тиым салынады.

3.05-бөлім. Осы Шарттың 3.03-бөлімінің мақсаттары үшін заем шотынан қаражат алынатын соңғы күн болып 1999 жылдың 30 маусымы немесе Заem алушы мен Банк арасында дүркін-дүркін келісілетін басқа күн болып табылады.

IV-бап

Айрықша шарттар

4.01-бөлім. (а) Заем алушы оңтайлы, әкімшілік және қаржы әдістерін, әлеуметтік қорғау және қоршаган ортаны қорғау талаптарын ескеріп ауыл шаруашылық әдістерін қолдана отырып жауапкершілікпен және жеткілікті деңгейдегі пайдалылықпен және тиімділікпен Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етеді.

(б) Заем алушы Бағдарламаны орындау кезінде Заем туралы осы Келісімнің 5-қосымшасында баяндалған барлық міндеттемелерді орындауды немесе оның орындалуына ықпал етеді.

4.02-бөлім. Заем алушы Бағдарламаның орындалуы үшін Заем қаражаттарына қосымша қажетті қаржы және материалдық-техникалық қорларды, қызмет көрсетулерді, жер участкерін және өзге де ресурстарды уақытында және қажетіне орай береді.

4.03-бөлім. Заем алушы өзінің бөлімшелері мен ведомстволары Бағдарламаны орындауға қатысты қызметті орынды әкімшілік практика мен рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылатын және үйлестірілетін жағдайлармен қамтамасыз етеді.

4.04-бөлім. (а) Заем алушы заем қаражаттарынан қаржыландырылатын рұқсат етілген тауарларды жүйелеуге мүмкіндік беретін есеп пен есептемені жүргізуі немесе жүргізуді қамтамасыз етуі, сондай-ақ жүргізілген Бағдарлама шараларының есебін жүргізуі тиіс.

(б) Заем алушы Банктің өкілдеріне осы Бөлімнің (а) параграфында аталған бухгалтерлік есеп құжаттарын тексеру мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

4.05-бөлім. (а) Заем алушы Банк танысу қажетті деп санауы мүмкін мыналарды: (i) заем қаражаттарын жұмсау мен олардың пайдаланылуы; (ii) заем қаражаттарынан қаржыландырылатын рұқсат етілген тауарлар; (iii) Қазақстан тараپының қаражаттары мен олардың пайдаланылуы; (iv) стратегиялық хаттағы мақсаттарға қол жеткізу мен шаралардың орындалуын қосқанда, бағдарламаның орындалуы; (v) Заем алушы аумағындағы қаржылық және экономикалық жағдайларға және Заем алушының халықаралық төлем балансының жағдайы; (vi) заем мақсатына қатысты кез-келген басқа мәселелер бойынша барлық есептер мен мәліметтерді банкке беруі немесе қамтамасыз етуі тиіс.

(б) Жоғарыда айтылғандардың жалпы сипатын шектемей Заем алушы Бағдарламаның орындалуы және стратегиялық хатта көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу мен шараларды өткізу туралы жарты жылдық есепті Банкке беруі немесе беруді қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай есептер толық жазылған нысанда және Банк көрсеткен мерзімде берілуі керек, одан басқа, туындаған мәселелерде қолданылған немесе қолданылатын шешімдер, қол жеткізілген прогрестер мен алға басқан есепті

бірінші жарты жылдық ішінде туындаған проблемалар, сондай-ақ одан әрі жүргізілетін шаралардың ұсынылатын жоспары және ықтимал барысы көрініс табуы керек.

(с) Қаражатты қарыз шотынан алу үшін белгіленген ақырғы күннен кейін кідіртпестен, бірақ барлық жағдайда да осыдан кейін 3 айдан кешіктірмей немесе осы мақсат үшін Заем алушы мен Банк арасында келісілуге тиіс бұдан да кеш күннен кейін Заем алушы Банкке Бағдарламаның орындалғаны, бағдарлама бойынша шығындарды қоса алғанда, Заем алушының заем туралы келісім жөніндегі өз міндеттемелерін орындағаны және заемның мақсатына жеткендігі туралы толық жазылған нысанда және Банк көрсеткен мерзімде жасалған есепті әзірлең, Банкке өткізуге тиіс.

4.06-бөлім. (а) Мұлікті бөлуге шек қою шарттарында Заем алдында Заем алушының бірде-бір сыртқы борышы өзгеге басымдығы болмайтынына Заем алушы мен Банк келіседі. Соңдықтан (i) Заем алушы Банк заемының негізгі сомасын тыым салынған мұліктен тең және тепе-тең төлеуден өзгеге Банк келіспейтін болса - кез-келген жоғары борыш бойынша кепіл ретінде өзінің мұліктерін пайдалануға шек қою шартын, сондай-ақ заем бойынша проценттер мен басқа да алымдарды қамтамасыз етуді - Заем алушы міндеттенеді; және (ii) өзінің мұліктерін пайдалануға шек қою пайда болғанда немесе Заем алушы пайда болуға жол бергенде мұның алдындағы параграфта көрсетілгендерді сөзсіз орындауға міндеттенеді.

(б) Осы бөлімнің (а) параграфының ережелері мыналарға:

(i) мұлікті сатып алу кезінде адам қарыз үшін ұстап қалудың қайсыбір құқығына, мұндай мұліктің сатып алу бағасына кепілдік ретінде; немесе (ii) Банктік операциялардың қарапайым барысында туындастын мұлікті қарыз үшін ұстап қалудың қайсыбір құқығына және қарызды өтеу мерзімі біткеннен кейін бір жылдан аспайтын уакытқа кепілдікке қолданылмайды.

(с) "Заем алушының активтері" термині осы Бөлімнің (а) параграфының контекстінде кез-келген әкімшілік бөлімшесінің активтерін немесе Заем алушының кез-келген үйымның активтерін және ҚҰБ-нің және Заем алушы үшін Орталық Банктің қызметін атқаратын өзге мекемелердің активтерін қосқанда, осы сияқты әкімшілік бөлімшелердің активтерін қосады.

V-бап
Күшіне енуі

5.01-бөлім. Төмендегі айтылғандар Заем туралы ереженің 9.01(f)-бөлімнің мақсаттары үшін Заем туралы осы Келісімді күшіне енгізуге қосымша шарт болып табылады: Заем алушы зейнетақы бойынша төленбеген берешектердің барлығын 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін төлеуі тиіс.

5.02-бөлім. Заем туралы келісімнің күшіне ену мерзімі болып осы

Шарттың 9.04-бөлімінің мақсаттары үшін Заем туралы осы Келісім жасалған күннен кейін тоқсан (90) күн ішіндегі мерзім белгіленген.

VI-бап
Басқа мәселелер

6.01-бөлім. Қаржы министрі осы Шарттың 11.02-бөлімінің мақсаттары үшін Заем алушы ретінде тағайындалады.

6.02-бөлім. Осы Шарттың 11.01-бөлімінің мақсаттары үшін мына мекен-жайлар көрсетіледі:

Заем алушы үшін:
Қазақстан Республикасы
Алматы 480091
Абылайхан даңғылы 97
Қаржы министрлігі

Факс: (7-3272) 636984/628079

Банк үшін:

Азия Даму Банкі
пошта жәшігі 789
0980 Манила, Филиппин

Факс: (682) 636-2444
(632) 636-2421

Мұны қуәландыру үшін өзінің уәкілетті өкілдері арқылы жұмыс істейтін тараптар тиісінше осы Келісімге өзінің тиісті атымен қол қойып, оны жоғарыда көрсетілген жылда және айда Банктің Бас офисіне жеткізууді қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы

Уәкілетті өкіл

және

Уәкілетті өкіл

1-Қосымша

Бағдарламаны сипаттау

1. Бағдарламаның негізгі мақсаты - жарналар негізінде толық қаржыландырылатын зейнетақы реформасына көшуге қолдау көрсету болып табылады. Бағдарламаны одан әрі егжей-тегжей сипаттау Стратегия туралы Хатта келтіріледі. Бағдарлама 1997 жылдан 2000 жылдар аралығындағы кезеңде орындалатын болады.

2. Бағдарламаға қолдау көрсетуге:

(а) Заем қаражаттары Рұқсат етілген Тауарларға шетел валютасында қаржыландыру үшін қолданылады; және

(б) Қазақстан Тараптарының қаражаттары Бағдарламаның мақсаттарымен келісілетін белгілі-бір бағдарламалар мен шараларды орындауға байланысты жұмсалған шығыстарды жергілікті валютада қаржыландыру үшін қолданылады.

(с) Заем қаражаттары 1999 жылдың 30 шілдесіне дейін қолданылады деп күтілуде.

2-Қосымша

Мерзімі ұзартылған Заемды Біртіндеп Өтеу Кестесі
(Зейнетақы Реформасының Бағдарламасы)

Төлеу күні

Негізгі Соманы Төлеу

(АҚШ долларымен)*

2001 жылдың 15 маусымы

2,247,100

2001 жылдың 15 желтоқсаны	2,359,400
2002 жылдың 15 маусымы	2,477,400
2002 жылдың 15 желтоқсаны	2,601,300
2003 жылдың 15 маусымы	2,731,400
2003 жылдың 15 желтоқсаны	2,867,900
2004 жылдың 15 маусымы	3,011,300
2004 жылдың 15 желтоқсаны	3,161,900
2005 жылдың 15 маусымы	3,320,000
2005 жылдың 15 желтоқсаны	3,486,000
2006 жылдың 15 маусымы	3,660,300
2006 жылдың 15 желтоқсаны	3,843,300
2007 жылдың 15 маусымы	4,035,400
2007 жылдың 15 желтоқсаны	4,237,200
2008 жылдың 15 маусымы	4,449,100
2008 жылдың 15 желтоқсаны	4,671,500
2009 жылдың 15 маусымы	4,905,100
2009 жылдың 15 желтоқсаны	5,150,400
2010 жылдың 15 маусымы	5,407,900
2010 жылдың 15 желтоқсаны	5,678,300
2011 жылдың 15 маусымы	5,962,200
2011 жылдың 15 желтоқсаны	6,260,300
2012 жылдың 15 маусымы	6,573,300
2012 жылдың 15 желтоқсаны	6,902,000

Жиыны 100,000,000

* Бұл бағандағы сандар шоттан қаржаттарды алу күніне сәйкес анықталған Долларлық эквиваленті көрсетіледі. Төлемдер бойынша операцияларға міндеттемелердің мерзімі жақындаған кезге байланысты олардың әрқайсысы бойынша Қарапайым Операциялар бойынша Заем туралы Шарттың тиісті ережелері таратылады.

Алдын-ала төлемдер бойынша қосымшалар

Үлестері процент түрінде көрсетілетін мына сандар Заем туралы Шарттың 3.06 бөліміне сәйкес Заемның негізгі сомасының кез келген бөлігінің міндеттемелері

бойынша төлем мерзіміне дейін алдын-ала өтеу бойынша төлемге жататын қосымшалар ретінде көрсетіледі.

Алдын-ала Төлеу Ұақыты Қосымша

Алдын-ала төлем күні Заем

бойынша қалған төленбеген
қалдыққа қолданылатын
мыналарға көбейтілген проценттік
ставка (бір жылға процентпен
көрсетілген)

Міндеттемелер бойынша төлеу
мерзімі жақындағанға дейін 2
жылдан артық емес 0,13

Міндеттемелер бойынша төлеу
мерзімі жақындағанға дейін 2
жылдан артық, бірақ 4 жылдан
артық емес 0,33

Міндеттемелер бойынша төлеу
мерзімі жақындағанға дейін 5
жылдан артық, бірақ 10 жылдан
артық емес 0,67

Міндеттемелер бойынша төлеу
мерзімі жақындағанға дейін 10

жылдан артық, бірақ 13 жылдан	
артық емес	0,87

Міндеттемелер бойынша төлеу	
мерзімі дейінгі 13 жылдан	
артық	1,00

3-Қосымша

Шоттан Заем Қаражаттарын Аудару және Алу

1. Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде, мыналарға:

(i) қандай да болмасын жергілікті шығыстарға;

(ii) қолдау көрсетіп отырған ресми халықаралық немесе екі жақты ұйымдардың несиelerімен қаржыландырылатын шетел валютасы түріндегі қандай да бір шығыстарға немесе Банк беретін кез келген заемдарға;

(iii) Күшіне Ену Күніне дейін қалған жұз сексен күннен бұрын туындастын Рұқсат етілген Тауарларға жұмсалған шығыстарға қатысты Заем Шотынан ешқандай да қаражаттарды алу жүргізілмейді.

2. Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде, Заем Шотынан қаражаттарды алу Рұқсат етілген Тауарларға жұмсалған шығыстарды шетел валютасы түрінде қаржыландыру үшін жүргізіледі.

3. (a) Банкке Заем Шотынан қаражаттарды алуға өтініштер Бағдарламаны Атқарушы Ұйым немесе Бағдарламаны Атқарушы атынан беріледі; олар Банк үшін қанағаттанарлық нысанда беріледі;

(b) Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде, мұндай өтінімдер, мұндай құжаттармен және мұндай өтінімдер бергендерге қатысты Заем шығыстарының қаражаттарынан қаржыландыруға сабактас Банкті заңды қанағаттандыру үшін қажет болып табылатын басқа растаулармен бекітіледі.

(c) Заем туралы осы Келісімнің 4-қосымшасының 3 (a)-тармағында айтылған әрбір келісім-шарттарға және Заем туралы осы Келісімнің 4-қосымшасының 3 (b)-тармағында айтылған және олардың әрқайсысының құны АҚШ долларына шаққанда санағанда 5,000,000 немесе одан аз құрайтын әрбір келісім-шарттарға қатысты Заем алушы Банкке шығыстар туралы тиісті есеппен бірге, шығыстар Заем туралы осы

Келісімнің шарттарына және ережелеріне сәйкес жұмсалғандығын куәландыратын құжатты және Банк негізделген тәртіпте дүркін-дүркін сұрау салуы мүмкін басқа да осындай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

(d) Заем туралы осы Келісімнің 4-қосымшасының 4 (b)-тармағында айтылған және бағалау бойынша әрқайсысының құны АҚШ долларына шаққанда 5,000,000 асатын соманы құрайтын әрбір келісім-шарттарға қатысты Заем алушы Банкке Банкке қатысты Заем Шотынан қаражаттарды алу өтінімімен бірге құжаттаманың келісім-шартына байланысты сәйкес келетін екі расталған көшірмені және Банк негізделген тәртіпте дүркін-дүркін сұрау салуы мүмкін осындай басқа құжаттарды және мәліметтерді ұсынады.

4. Шығыстар туралы Есепке жататын Банк рәсімі Күшіне Ену Құніне дейінгі жүз сексен құннің ішінде Рұқсат етілген Тауарларға жұмсалған шығыстардың орнын толтыру үшін пайдаланылады; алайда, әрқайсысының құны АҚШ долларына шаққанда 5,000,000 асатын соманы құрайтын жағдайда келісім-шартқа сәйкес жұмсалған шығыстарға қатысты мұндай рәсім қолданылмайды.

5. Заem туралы осы Келісімнің немесе Заem туралы Шарттың

ережелері кез келген өзгелерге тәуелсіз және Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде, егер Банк заем алушымен кеңескеннен кейін мыналарға:

(a) Заем алушы Бағдарламаны орындау кезінде жеткілікті оң нәтижелерге жеткендігі; және оның ішінде

(b) Заем алушы осы Ереженің 2-Қосымшасында көрсетілген Екінші Траншты ашу үшін шарттарды орындағаны расталмаса Екінші Транш шотынан ешқандай да қаражаттарды алу жүргізілмейді.

3-Қосымшага 1-Толықтыру

Тыйым салынған Тауарларды сипаттау

1. Заем қаражаттары Бағдарлама кезінде талап етілетін импортталатын тауарлардың (баждардан және салықтардан басқа) қанағаттанарлық құнына қатысты жұмсалған шығыстарды шетел валютасында қаржыландыру үшін қолданылады:

2. Жоғарыда келтірілген 1-тармақтың ережелеріне тәуелсіз мынадай

шығыстарға:

(а) Банктің Заем алушыға хабарлауында көрсетілетін төмендегі CXCC топтарына немесе ішкі топтарына немесе CXCC алдағы қайта қарауына сәйкес кез келген топтарға немесе құқықтық мұрагер-ішкі топтарға енгізілген тауарлардың шығыстарына:

Топ Ішкі топ Тауарларды сипаттау

122 _____ Алкоголь ішімдіктері

121 _____ Өндөлмеген темекі;
 темекі қалдықтары

122 _____ Өндөлген темекі (онда
 темекінің орнын
 алмастыратындар
 барына немесе
 жоғына тәуелсіз)

252 _____ Радиоактивті және
 оларға аралас материалдар

667 _____ Маржандар, өндөлген
 және өндөлмеген асыл
 және жартылай асыл тастар

718 718,7 Ядролық реакторлар
 және олардың бөлшектері;
 ядролық реакторлар үшін
 сәулесіз отын элементтері
 (катридждер)

897 897,3 Алтын, күміс немесе
 платина (қол және қалта
 сағаттарынан және олардың
 кораптарынан басқа) тобындағы
 зергерлік бұйымдар; алтыннан

және күмістен жасалған
зергерлік бұйымдар (асыл
тастарды қоса алғанда)

971

Күндылығы аз алтын (алтын
рудалары мен концентраттардан
басқа)

- (b) әскери немесе жартылай әскери мақсаттарға немесе өте бағалы заттарға арналған тауарлардың шығыстарына; немесе
- (c) ӘДҰ (Әлемдік Денсаулық сақтау Ұйымы) Қауіпсіздік Дәрежесі бойынша Пестицидтердің Сыныптамасына және Сыныптама бойынша Басшылыққа сәйкес өте қауіпті немесе қауіптілігі жоғары 1a немесе 1b кластарына жатқызылған пестицидтерге арналған шығыстарға қатысты шоттан ешқандай да алым жүргізілмейді.

3-Қосымшадағы 2-Толықтыру

Екінші Траншті ашу Шарттары
Жаңа Зейнетақы Жүйесіне Көшу

1. Заем алушы жаңа зейнетақы жүйесінің жинақтаушы қорының құрамдас бөлігіне ресми секторда тұрған тұлғалардың алпыс проценттен (60%) кем емес бөлігін көшіруді қамтамасыз етеді.
2. Зейнетақымен Қамтамасыз етуді Пайдаланылатын Тұлғалар туралы Мәліметтерді Компьютерге енгізу
2. Заем алушы зейнетақы алып отырған зейнеткерлер туралы мәліметтерді толығымен компьютерге енгізуді жүргізеді.
3. Жылдық Бюджеттік Аударымдар
3. Заем алушы жаңа зейнетақы жүйесінің Кірістердің Тұсуіне Қарай Зейнетақыларды Төлеудің құрамдас бөлігінің қаржылық талаптарын орындау үшін Парламенттің қарауына 1999 жылға арналған жылдық бюджетте осындай қаражатты аударады.

Зейнетақылардың Уақытылы Төленуі

4. Заем алушы 1998 жылдың 1 сәуірінен кейін жаңа зейнетақы жүйесінің Кірістердің Тұсуіне Қарай Зейнетақыларды Төлеудің құрамдас бөлігіне сәйкес зейнетақыларды уақытылы төлеуді жүзеге асырады.

Ішкі Мемлекеттік Борыш Аспаптарын Шығару

5. Заем алушы олар жөніндегі міндеттемелер бойынша үш жылдан асатын төлемдер мерзімінде біреуден кем емес ішкі мемлекеттік борыш аспаптарын шығарады.

Зейнетақы Қорын Инвестициялармен Жетілдіру

6. Кем дегенде он бестен кем емес, оның ішінде бесеуінен кем емесі А класына жататын компанияның акциялары Қазақстанның Қор Биржасына жіберіледі.

Ең Төменгі Зейнетақыны Дүркін-Дүркін Индекстеу

7. Заем алушы тұтыну құнының индексі бойынша кері күшке ие ең төменгі зейнетақының дүркін-дүркін индекстеу тәсілін қолданады.

4-Қосымша

1. Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде, осы Қосымшаның келесі тармақтарында сол туралы айтылатын рәсім Заем қаражаттарынан қаржыландыруға тиіс Рұқсат етілген Тауарларды сатып алуға қолданылады.

2. (а) Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде және төмендегі көрсетілген 3 (б) - тарауында қарастырылғандай құны бағалау бойынша АҚШ долларына шаққанда 5,000,000 асатын соманы құрайтын Рұқсат етілген Тауарларды

жеткізуге арналған әрбір келісім-шарт конкурстық негізде IY Тарауда көрсетілген оған дүркін-дүркін енгізілген өзгерістер, алдын ала қарау және бекіту туралы ережелерді жою "Азия Даму Банкінің Заемдары бойынша Сатып алу жөніндегі Басшылық ету" II Тарапуында баяндалғандай халықаралық тендер негізінде беріледі.

(b) Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде, конкурстық негізде халықаралық тендер негізінде көрсетілетін келісім-шарттарға қатысты, Банк мүмкіндігінше тез арада, бірақ кез келген жағдайда Бағдарламаға, Сатып алу туралы Жалпы Хабарламаға (Банк осы Хабарламаны жеке жариялау бойынша шаралар қолданады) сәйкес сауда-саттыққа шақыру бірінші жіберілгенге дейінгі 90 күннен кешіктірмей, ол туралы Банк негізделіп сұрау салып отырған мұндай ақпараттар бар мұндай нысанда және тетікте ұсыну керек. Банкке конкурстық негізде халықаралық тендер негізінде сатып алынуы керек қандай да бір Рұқсат етілген Тауарлар қалған жағдайда, мұндай Сатып алу туралы Жалпы Хабарламаны жыл сайын жаңартып отыру үшін қажетті ақпарат ұсынады.

(c) Осы тармақтың (a)-тармақшасында сол туралы айтылған келісім-шарттардың әрқайсысына қатысты Заем алушы Банкке мұндай келісім-шартқа қатысты Заем Шотынан қаражаттарды алу үшін бірінші өтінімді Банкке ұсынғанға дейін, сауда-саттыққа берген өтінімдерді сараптаумен және ұсынуға арналған ұсыныммен бірге мұндай келісім-шарттың расталған екі көшірмесін, сакталып жүрген жарнамалау тәртібін баяндауды және сауда-саттыққа өтінім беруді және Банк негізделіп сұрау салатын мұндай басқа ақпаратты ұсынады.

3. (a) Егер Банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде және төмендегі келтірілген 3 (b)-тармақта қарастырылғандай, бағалау бойынша құны АҚШ долларына шаққанда 5,000,000 немесе одан аз құрайтын Рұқсат етілген Тауарларға арналған әрбір келісім-шарт немесе жеке сектор жеткізген жағдайда сатып алушының қарапайым коммерциялық тәжірибесінің негізінде немесе мемлекеттік сектор жеткізген жағдайда Заем алушы көрсеткен нұсқамасы негізінде беріледі.

(b) Егер банк келісуі мүмкін өзге жағдайлардан басқа реттерде, Рұқсат Етілген Тауарларды жеткізуге арналған кең таратылған әр келісім- шарт сауда-саттық мақсатқа арналған және Банк үшін қанағаттанарлық негіздегі рәсімде беріледі.

5-Қосымша

1. ҚМ Бағдарламаны Атқаруышы Ұйым ретінде:

(а) БХҚМ, ҚҰБ және ҚҰҚ Бағдарламаларын орындауды жүйелеуге;

және

(б) заем қаражаттарының тиімді басқарылуына және пайдаланылуына жауапты.

2. ЕХҚМ, ҚҰБ және БК Бағдарламаның өздеріне тиесілі құрамдас бөліктерін орындау барысы туралы жарты жылдық есептерін дайындайды және оларды ҚМ ұсынады. Мұндай есептерде басқаларының арасында қол жеткен нәтижелер, кездескен проблемалар және оларды шешу жөнінде бірінші алты ай ішінде қабылданған іс-әрекеттер және Бағдарлама шеңберінде ұсынылып отырған шаралар және келесі алты ай ішінде күтіліп отырған нәтижелер көрсетіледі.

3. Бағдарламаның орындалуын қадағалау үшін Заем алушы Күшіне Енген Күннен бастап бір ай ішінде төрағасы Қаржы министрі болатын және құрамына ҚМ, ЕХҚМ, ҚҰБ, ЗТМО және МЗҚ өкілдері кіретін Бағдарламаны Үйлестіру жөніндегі Комиссия (БҮК) құрады. БҮК реформа бойынша ұсынылып отырған шаралар Бағдарламаға сәйкес жүргізілуін қамтамасыз ету үшін әр үш ай сайын бір рет өзінің жиналышын өткізеді.

4. Заem алушы

(а) қабылданған стратегия және қабылданатын іс-әрекет Стратегия туралы Хатта сипаттап жазылғандай Бағдарлама орындалу уақыты кезінде Заем туралы осы Келісім күніне дейін күшінде қалуын қамтамасыз етеді; және

(б) Стратегия туралы Хатта көрсетілгендей тез арада Бағдарламаға енген басқа стратегияны қабылдайды және басқа іс-әрекеттерге шара қолданады және осындай стратегия және осындай іс-әрекеттер Бағдарлама орындалу кезінде күшінде қалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Тараптарының Қаражаттары

5. Заem алушы Қазақстан Тараптарының Қаражаттары жарналар негізінде толық Қаржыландырылатын зейнетақы жүйесіне көшуге қолдау көрсету үшін қолдануды қамтамасыз етеді.

Стратегияны Талқылау

6. (а) Заem алушы Банкті үнемі хабардар етіп отырады және Заem алушы және Банк Стратегия туралы Хатта баяндалған стратегиялар мен іс-әрекеттерді орындау кезінде қол жеткен нәтижелер және жаңа зейнетақы реформасының стратегиясын тұжырымдау мен орындау туралы дүркін-дүркін пікір алмасады.

(б) Заem алушы Банкпен Бағдарламаны орындау кезінде кездескен проблемалар мен қыындықтарды және осындай проблемалар мен қыындықтарды женоң немесе женоңледету жөнінде тиісті шараларды дереу талқылап отырады.

7. Заем алушы бағдарламаның жалпы мақсаттары мен ауқымына әсерін тигізетін басқа да халықаралық және екі жақты ұйымдармен және мекемелермен стратегия туралы ұсыныстарын талқылауы нәтижесінде Банкті үнемі хабардар етіп отыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Заем алушы кез келген мұндай ұсыныстарды ақырғы пысықтағанға және орындағанға дейін Банк ұсынысын қабылдайды.

Мониторинг және Бағалау

8. 1998 жылдың 30 қарашасына немесе осындай басқа қунге дейін

(а) Стратегия туралы Хатта (оның ішінде, Заем туралы осы Келісімнің 3-Қосымшасының 2-Толықтыруында келтірілген ережелердің орындалуын қоса алғанда) баяндалған реформаның стратегиясын орындау кезінде Заем алушының нәтижелеріне, және

(б) зейнетакы жүйесін қаржыландыруды жетілдіруге мұндай және ерте

реформалардың әсеріне қатысты заем алушы мен Банк келісе алатын шолу жүргізіледі.

Бұл шолуды жеңілдету үшін Бағдарламаны Атқарушы Ұйым Банкті есептерге және Банк жалпылай сұрайсалуы мүмкін осындай тетіктерде Заем туралы осы Келісімнің 4.05 Бөлігінде сол туралы айтылған ақпараттарға қосымша тиісті ақпараттармен қамтамасыз етеді. Бұл шолу Заем алушы мен Банк зейнетакы жүйесінің реформасын жалғастыруға себебін тигізу үшін қажетті немесе дұрысырақ деп есептелуі мүмкін одан әрі шараларды талқылауы үшін негіз болып табылады.

Оқығандар:

Орынбекова Д.

Нарбаев Е.

(Конвенция мәтіні Парламенттен алынды)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК